

Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттау және импорттау кезінде жанама салықтар салу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қазандағы N 995 Қаулысы

Қазақстан республикасының мүдделерін ескере отырып және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықаралық шарттарын жасау, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1997 жылғы 13 маусымда Киев қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметінің арасындағы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттау және импорттау кезінде жанама салықтар салудың принциптері туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі